



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 36 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І
2008 жылғы 10 желтоқсан

Қаржы нарығындағы жағдай туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2008 жылғы қарашада 0,4% құрады (2007 жылғы қарашада – 2,7%). Бұл деңгей 1998 жылдан бастап осы ай үшін ең аз болып табылады. Азық-түлік тауарларының бағалары 0,7% (3,9%-ға), ақылы қызмет көрсету 1,0% (1,8%-ға) өсті, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағалары 0,7% (өсуі 1,8%-ға) арзандады.

Азық-түлік тауарлары нарығында өткен айда бағалардың ең жоғары өсуі жұмыртқа бағасының 4,7%, сүт өнімдері бағасының 2,4%, жемістер мен көкіністер 2,2%, балық пен теңіз тағамдары бағасының 1,2% қымбаттады. Май және тоң майлардың бағалары 1,4%, оның ішінде күнбағыс майының бағасы 3,3%-ға арзандады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында киім мен аяқ киім бағаларының 1,0% және үй тұрмысында пайдаланылатын заттар бағаларының 0,9% көтерілуі байқалды. Дизель отынының және бензиннің бағалары тиісінше 16,3% және 11,9% төмендеді.


Халыққа ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулер 1,5% қымбаттады. Бұл ретте қатты отын 4,7%, электр энергиясы 2,0%, сумен қамтамасыз ету 1,8% газбен қамтамасыз ету 1,1% орталық жылыту 1,4%, қымбаттады. Медициналық қызмет көрсету және білім беру қызметінің бағалары мен тарифтері 0,9%, 0,6% өсті, ал көлік қызметі 0,3% - ға төмендеді.

2008 жылғы қаңтар-қарашада инфляция 9,2% құрады (2007 жылғы қаңтар-қарашада – 16,5%).

2007 жылғы тиісті көрсеткішпен салыстырғанда 2008 жылдың 11 айы ішінде инфляцияның бәсеңдеуіне оның құрамдас бөліктері бағасының, негізінен осы кезеңде 10,3% (2007 жылғы 11 айда – 23,2%-ға) өскен азық-түлік тауарлары бағаларының өсуінің бәсеңдеуі себепші болды. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 5,8% (9,2%-ға) және ақылы қызмет көрсетулер - 11,2% (14,0%-ға) қымбаттады (1-график).

1-график

2008 және 2007 жж. қаңтар-қарашадағы инфляция және оның құрамдас бөліктері



2008 жылғы қарашада инфляция жылдық көрсетумен 11,3% құрады (2007 жылғы желтоқсанда – 18,8%).

2. Халықаралық резервтер және ақша базасы.

2008 жылғы қарашада Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағада 9,2%-ға (немесе 1 923, 7 млн. АҚШ долларына) 19,1 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеді (жыл басынан бастап - өсуі 8,4%).

Ішкі валюта нарығында валюта сату бойынша операциялар, екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде, таза валюта қорлары (ЕАВ) 2 020,2 млн. АҚШ долларына азайды, алтындағы активтер оның әлемдік нарықтағы бағасының 5,3%-ға өсуі нәтижесінде 96,5 млн. АҚШ долларына ұлғайды.

Тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (26,8 млрд. АҚШ долл.) айдың басынан 45,9 млрд. АҚШ долларына дейін 3,1% -ға төмендеді (жыл басынан бастап өсуі - 18,8%).

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің 2008 жылғы қарашада төмендеуі ақша базасының 1 298,6 млрд. теңгеге дейін 17,3%-ға сығымдалуына себепші болды (жыл басынан бастап - 11,3%-ға).

2008 жылғы қазанда ақша массасының көлемі банк жүйесінің таза сыртқы және ішкі активтерінің қысқаруы есебінен 3,4%-ға 5 685, 1 млрд. АҚШ долларына қысқарды. Жыл басынан ақша массасы 22,8% өсті.

2008 жылғы қазанда айналыстағы қолма-қол ақша 815,9 млрд. теңгеге (жыл басынан бастап – 10,3% өсу) дейін 1,1% өсті, бұл ретте банк жүйесіндегі депозиттер 4 869,1 млрд. теңгеге дейін 4,1% қысқарды (жыл басынан бастап – 25,2% өсті). Айналыстағы қолма-қол ақшаның депозиттердің өсу қарқынының сығымдалуы аясында өсуі ақша массасының құрылымындағы депозиттер үлесінің 2008 жылғы қыркүйектегі 86,3%-дан қазанда 85,6%-ға дейін төмендеуіне себепші болды.

Ақша мультипликаторы ақша массасының өсу қарқынының шамалы қысқаруы аясында ақша базасының қысқаруы салдарынан 2008 жылғы қыркүйектегі 3,35-дан қазандағы 3,62-ке дейін ұлғайды.

3. Валюта нарығы

2008 жылғы қарашада ішкі валюта нарығындағы ахуал теңгенің АҚШ долларына қарағанда бәсеңдеуімен сипатталады.

Бір айдың ішінде теңгенің АҚШ долларына бағамы 1 доллар үшін 119,8–120,35 теңге диапазонында өзгерді. 2008 жылғы қараша айының соңына қарай теңгенің биржалық бағамы қазан айының соңындағы көрсеткішпен салыстырғанда 0,43% төмендеп, бір доллар үшін 120,35 теңге болды. Жыл басынан бастап теңге 0,04% әлсіреді.

Ағымдағы айда Қазақстан Қор Биржасындағы биржалық операциялар көлемі қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді ескере отырып, қазанмен салыстырғанда 5,3% төмендеді және 5,1 млрд. АҚШ долл. (11 ай үшін – 60,4 млрд. АҚШ долл.) болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 9,2% ұлғайды және 8,9 млрд. АҚШ долл. (11 ай үшін – 93,6 млрд. АҚШ долл.) болды.

4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2008 жылғы қарашада Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 5 аукцион болды. Оларға 9 айлық МЕККАМ (9,5 млрд. теңге), 12 айлық МЕККАМ (8,3 млрд. теңге), 4-жылдық МЕОКАМ (1,3 млрд. теңге), 6-жылдық МЕУКАМ (14,1 млрд. теңге), 15-жылдық МЕУЖКАМ (12,0 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік инфляция деңгейінде тиісінше: 9 айлық МЕККАМ бойынша - 7,38%, 12 айлық МЕККАМ бойынша - 7,64%, 4-

жылдық МЕОКАМ бойынша - 8,73%, 6-жылдық МЕУКАМ бойынша - 8,75%, және 15 - жылдық МЕУЖКАМ бойынша жылдық кірістілік 0,01% болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі өткен аймен салыстырғанда 5,5% (жыл басынан бастап – 52%) ұлғайып, 2008 жылғы қараша айының аяғында 773,2 млрд. теңге болды.

Ұлттық Банктің ноталары эмиссиясының көлемі 2008 жылғы қарашада 2008 жылғы қазанмен салыстырғанда 30,8% азайды және 206,3 млрд. теңге болды. Айналыс мерзімі 28 және 182 күн болатын ноталар шығарылды. Ағымдағы жылдың басынан бастап ноталарды шығару 2768,5 млрд. теңге болды.

Қысқа мерзімді ноталардың кірістілігі 2008 жылғы қазандағы 6,13%-дан 2008 жылғы қарашада 6%-ға дейін төмендеді.

Айналыстағы ноталардың көлемі 2008 жылғы қарашаның аяғында 2008 жылғы қазанмен салыстырғанда 21,6% ұлғайып, 404,6 млрд. теңге болды.

5. Банкаралық ақша нарығы

2008 жылғы қарашада 2008 жылғы қазанмен салыстырғанда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 37,0% төмендеп (жыл басынан бері 39,7% өсті), баламасы 5653,2 млрд. теңгені құрады.

Орналастырылған банкаралық теңгедегі депозиттердің көлемі 62,4% төмендеп, 448,8 млрд. теңгеге дейін (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 7,9%-ы) азайды. Бұл ретте орналастырылған банкаралық теңгедегі депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы қарашада 5,19 %-дан 5,81%-ға дейін жоғарылады.

Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерден тартқан депозиттерінің көлемі қарашада қазанмен салыстырғанда 70,6% төмендеп, 257,3 млрд. теңгені құрады.

2008 жылғы қазанда орналастырылған доллардағы депозиттерінің көлемі 35,8% төмендеп, 30,3 млрд. АҚШ долларына дейін (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 64,4%-ы) азайды. Орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 1,98%-дан 0,49%-ға дейін төмендеді.

2008 жылғы қарашада еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі 10,1 млрд. еуроға (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 27,4%-ы) дейін 21,4% төмендеді. Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 3,49%-дан 2,89%-ға дейін төмендеді.

Рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі шамалы болып қалуда – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 1% ынан аз.

Тұтастай алғанда, шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 92,1% құрап, жоғары болып қалып отыр. Бұл ретте шетел валютасындағы депозиттердің негізгі бөлігі (89,6%) резидент емес банктерде орналастырылған.

6. Депозит нарығы.

2008 жылғы қазанда резиденттердің банк жүйесіндегі депозиттерінің жалпы көлемі 2008 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 4869,1 млрд. теңгеге дейін (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 25,2%-ға жоғарылап) 4,1% азайды. Заңды тұлғаларды депозиттері 4,0% төмендеп, 3413,4 млрд. теңге, жеке тұлғалардың депозиттері 4,4% төмендеп, 1455,7 млрд. теңге болды.

2008 жылғы қыркүйекте ұлттық валютадағы депозиттер 5,5% төмендеп, 3035,7 млрд. теңге, шетел валютасындағы депозиттер 1,7% төмендеп, 1833,4 млрд. теңге болды.

Нәтижесінде, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 63,3%-дан 62,3%-ға дейін төмендеді.

Халықтың (резидент еместерді қосқанда) банктердегі салымдары бір айда (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2,0%-ға жоғарылады) 1476,3 млрд. теңгеге дейін төмендеп,

4,5% азайды. 2008 жылғы қазанда халық салымдарының құрылымындағы теңгедегі депозиттер 981,0 млрд. теңгеге дейін 2,3% төмендеді, ал шетел валютасындағы депозиттер - 495,3 млрд. теңгеге дейін 8,6% төмендеді. Нәтижесінде, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 65,0%-дан 66,5%-ға дейін жоғарылады.

2008 жылғы қазанда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 4,5% (2008 жылғы қыркүйекте – 4,4%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 11,5% (11,7%) құрады.

7. Кредит нарығы

2008 жылғы қазанда 2008 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 0,05%-ға ұлғайып (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 0,4%-ға ұлғайды), 7286,1 млрд. теңгені құрады.

Бір айда ұлттық валютадағы кредиттер 0,3%-ға өсіп, 4098,7 млрд. теңгені, ал шетел валютасындағы кредиттер 0,4%-ға төмендеп, 3187,3 млрд. теңгені құрады. Нәтижесінде, теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2008 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 56,1%-дан 56,3%-ға дейін жоғарылады.

Ұзақ мерзімді кредиттер 5833,4 млрд. теңгені құрап, 0,7%-ға өсті, ал қысқа мерзімді кредиттер 1452,6 млрд. теңгені құрап, 2,8%-ға төмендеді. Нәтижесінде, ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2008 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 79,5%-дан 80,1%-ға дейін ұлғайды.

Заңды тұлғаларға берілген кредиттер қазанда 4880,3 млрд. теңгені құрап, 0,02% азайды, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер 2405,7 млрд. теңгені құрап 0,1% төмендеді. Нәтижесінде, жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда өзгермей, 33,0%-ды құрады.

Қазанда банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттері 2008 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2008 жылғы қазанда 0,5%-ға ұлғайып, (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2,0%-ға төмендеді) 1475,1 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте олардың кредиттердің жалпы көлеміндегі үлесі 20,2% (2007 жылдың желтоқсанында – 20,7%) құрайды.

Салалық бөлуде экономиканың сауда (21,8%), құрылыс (19,5%), өнеркәсіп (9,4%) және ауыл шаруашылығы (3,5%) тәрізді салалары неғұрлым белсендірек кредиттеліп отыр.

2008 жылғы қазанда жеке тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2008 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда өзгермей, 19,4%-ды құрады, ал заңды тұлғаларға берілген кредиттер 16,2%-дан 16,1%-ға дейін төмендеді.

8. Ұлттық Банктің ноталарын 2008 жылғы желтоқсанда шығару кестесі

2008 жылғы желтоқсанда Ұлттық Банк Кестеге сәйкес 4 қысқа мерзімді ноталардың аукционын өткізеді.

Күні	Өтініш мерзімі, күні	Шығарудың жарияланған көлемі, млрд. теңге
05.12.2008	28	50
12.12.2008	28	50
19.12.2008	91	50
26.12.2008	28	50

